## САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | | |
|---|---|---|
| **Пән** | Әдебиеттік оқу | www.bilimland.kz |
| **Мұғалім** | Таубай Пернегуль | |
| **Мектеп, сынып** | №52 мектеп-гимназия, 2-сынып | |
| **Сабақ тақырыбы** | Мақал-мәтелдерді сатылай кешенді талдау | |

| | |
|---|---|
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | Халық ауыз әдебиетінің бір түрі – мақал – мәтелдердің сан алуан түрлерімен танысу, сөйлемге синтаксистік талдау жасап үйрену. |
| **Сабақ мақсаттары**<br><br>***Табыс критерийлері:*** | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** Берілген тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыстарынжасайды. Сұраққа жауап береді.<br><br>**Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен  жұмыс жасайды.<br><br>**Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**:  Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| **Бағалау критерийлері** | Мақал – мәтелдерді әртүрлі тақырыптары бойынша жинақтап, мағынасын ашу, сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап үйрену.<br>**Дескриптор:**<br>- Мақал – мәтелдерді білді.<br>- Мақалды ажыратты.<br>- Мәтелді ажыратты.<br>- Мақал – мәтелдердің түрлерін атады.<br>- Мақал – мәтелдерге синтаксистік талдау жасады. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар/ зерттеу дағдылары** | ***Тірек сөздер: халық ауыз әдебиеті түрлері*** |
| **Тыңдалым**<br>**Айтылым**<br>**Жазылым**<br>**Оқылым** | Үнтаспа, видеотаспа<br>Диалог, қосымша мәліметтер<br>Сәйкестендіру, сөйлем құрап жазу, кесте толтыру<br>Мәтінді оқиды. |
| **Құндылықтарды дарыту (Мәңгілік ел)** | Еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу |
| **Пәнаралық байланыстар**<br><br>**АКТ қолдану дағдылары** | Қазақ тілі,әдебиеттік оқу, көркем еңбек<br><br>Видеотаспа, аудиотаспа, интербелсенді тақта |
| **Алдыңғы білім**<br>**(осы тақырып бойынша оқушылар нені біледі?)** | Жұмбақтар шешу арқылы  білетін жануарларын еске түсіреді. |
| **Қауіпсіздік және денсаулықты сақтау ережелері (Сыныпты қадағалау)** | Қауіпсіздік ережелерін сақтау, денсаулықты күту. |

**Сабақтың барысы**

| **Уақыт** | **Мұғалімнің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Оқушыдағы ойлау дағдылары** | **Қалыптастырушы бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>- Сабаққа деген көңіл күйлерін көтеру:<br>**Шырылдады қоңырау**<br>**Біз сабақты бастаймыз.**<br>**Партамызға отырып,**<br>**Жаңа білім алуға,**<br>**Алға қадам жасаймыз.** – Ендеше балалар, бір-бірімізге сәттілік тілей отырып, жаңа білім алуға кірісейік.<br>Сыныпты топтарға бөлу:  Түрлі түстер арқылы топқа бөлінеді.<br><br>«Сынып ережесі» қайталау:<br>- ***Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз!***<br>- ***Ұйымшыл боламыз десек 2 рет*** | қабылдайды<br><br>тыңдайды, қайталайды. | білу<br><br>қолдану | Тамаша! | Қоңыраудың суреті<br><br>АКТ №1 слайд |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білу** | - ***Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!***<br>**Тыңдалым, Айтылым**<br>**(ҰЖ) Белсенді оқу жаттығуы**<br>Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ. Себебі, «Көңілді пойызбен» саяхатқа шығамыз. **Ал** бүгінгі бізбен бірге тағы бірнеше саяхатшыларымыз алыс жолға аттанбақ. Бірақ оларға бізден көмек керек екен. Сүйкімді достарға көмектесеміз бе? Ал кімдермен саяхаттайтынымызды **жұмбақтар шешу** арқылы анықтаймыз.<br>1. Далада жүр шапқылап,<br>Керемет тым саққұлақ,<br>Тек есектен басқада,<br>Оған ұқсар жоқ құлақ. (қоян)<br>2. Қыс бойына жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады. (аю)<br>3. Табанынан тыз етіп,<br>Жүрсе дағы сыз өтіп.<br>Күні-түні ерінбей,<br>Үйді жүрер күзетіп. (Ит)<br><br>**«Ой шақыру»** әдісі: **-** Жұмбақтарды шештіңдер, қандай тапқырсыңдар! Ендеше, осы жануарлардың сұрақтарына жауап бере отырып, олардың сапарларына көмектесейік. | таңдайды, бөлінеді,<br><br>білімін көрсетеді,<br><br>жұмбақтардың жауабын табады | ақпаратты анықтау | Тапқыр екенсіңдер! | Жануарлардың суреті, пойыз вагондары<br>АКТ видеотаспа |
| **Түсіну** | «Қонжыққа көмек» 1 - тапсырма: Жұмбақ дегеніміз не? Жұмбақ дегеніміз қазақ әдебиетінің қай жанр түріне жатады?<br><br>Жауап: Халық ауыз әдебиеті.<br><br>2 – тапсырма: - **Халық ауыз әдебиетіне** нелер жатады?<br><br>**«Ассоцация» әдісі**:<br>Жұмбақтар батырлар жыры ертегілер<br>Мақал – мәтелдер  Айтыс түрлері<br>Шешендік сөздер | әңгімелейді, | мәселелерді өз | Білгіш екенсіңдер! | [https://itest.kz/kz/ent/k](https://itest.kz/kz/ent/k) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Өте жақсы, бұл сұрақтың жауабын толықтыру үшін экранға назар аударайық.https://itest.kz/kz/ent/kazak-adebieti.<br><br>**3– тапсырма:** Қонжықтың жол жүру билеті жыртылып қалыпты. Соны құрастырып берсек, қонжық жолға шыға алады екен. Қиындыларды құрастыра отырып, шыққан сөйлемді оқиды. Халық ауыз әдебиетінің қай жанр түріне жататынын табу керек.<br><br>***Жол мұраты - жету.***<br><br>Бұл не? Халық ауыз әдебиетінің бір түрі – мақал. Мақал – мәтелдер туралы танысамыз.<br><br>- Балалар, Ай – мектептен Дана мен Аланның түсіндірмесін тыңдайық.<br><br>***Видео № 2 https://imektep.kz/kz/makal-matelder.***<br><br>**ТЫҢДАЛЫМ, АЙТЫЛЫМ**<br><br>«Көжекке көмек» аялдамасы.<br><br>1 - тапсырма: Мақал – мәтел дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар екен?<br><br>***2 – тапсырма: «Дұрыс – дұрыс емес» ойыны***<br><br>***3 – тапсырма: «Сәйкес жалғасын табу» ойыны***<br><br>**ОҚЫЛЫМ, АЙТЫЛЫМ**<br><br>«Күшікке көмек» 1 - тапсырма:<br><br>**«Мақал мәнісі» өлеңіне поэзиял**ық талдау жаса.<br><br>«Кітап – білім бұлағы,<br><br>Білім – өмір шырағы»<br><br>Осы мақал мәнісі | Дәлелдейді<br><br>білімдерін көрсетеді, қолданады<br><br>тыңдайды, қайталайды<br><br>талқылайды, зерттейді<br><br>білімін көрсетеді | сөзімен тұжырымдау<br><br>ақпаратты анықтау<br><br>Қолдану<br><br>жаңа | Зерттеуші екенсің!<br><br>Тапқыр екенсіңдер! | azak-adebieti.<br><br>Слайд №2<br><br>Видеотаспа ***https://imektep.kz/kz/makal-matelder.***<br><br>Видеотаспа №2 слайд<br><br>Слайд №3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қолдану**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Жинақтау** | Қалай? – деп інім сұрады.<br><br>Болғың келсе білімді,<br><br>Кітаппен достас мәңгілік.<br><br>Жадыңа білім жаңғырып,<br><br>Оятар сана – сезімді.<br><br>Танырсың жатты, өзіңді,<br><br>Ашарсың сөйтіп көзіңді.<br><br>***2 – тапсырма: «Білімдіге дүние жарық» сөйлеміне синтаксистік талдау жасау.***<br><br>***3 – тапсырма: https://twig-bilim.kz/kz/film/the-moon. Сайтынан видео тамашалайды. Тапсырма:***<br><br>- Видеоның не турады?(Ай)<br>- Ай туралы мақал – мәтел атыңыздар.<br>- Бір мақалдың мағынасын ашыңыздар.<br><br>**«Сергіту сәті».** Жануарлар тақырыбына қатысты «Қуыр, қуыр қуырмаш» әнін орындау.<br><br>**ОҚЫЛЫМ, АЙТЫЛЫМ**<br><br>**«Көшбасшы» зияткерлер сайысы.** | талқылайды, зерттейді<br><br><br><br><br><br>білімін көрсетеді<br><br><br><br><br><br>ойлап табады,<br><br><br><br><br><br><br><br>жинақтайды, тұжырымдайды | жағдайдағы түсінікті қолдану<br><br><br><br><br><br><br><br>жаңа жағдайдағы түсінікті қолдану<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>ақпараттарды құрастыру | <br><br><br><br><br><br><br><br>Нақты жауап!<br><br><br><br>Тапқырлар жиналған екен!<br><br><br><br>Жарайсыңдар! Нағыз жеңімпаздар! | <br><br><br><br>Слайд №4<br><br><br><br><br><br>Слайд №5<br><br><br><br><br><br><br>Слайд №6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**(Ұ.Ж) АЙТЫЛЫМ мен ЖАЗЫЛЫМ**<br><br>САРАЛАУ тәсілі: (диалог және қолдау көрсету)<br>- Керемет! Біз бүгін үлкен іс атқардық. Мақал - мәтелдер әлеміне саяхаттау алдағы сабақтарда да жалғасын табады.<br><br>**«Ой қорыту» :** - Сонымен мақал – мәтелдер қандай тақырыптарға бөлінеді екен?<br>Оқушыларды жауаптарын https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/5-synyp/lesson/adamgershilik-erlik-oner-bilim-taqyrybyndahy-maqal-matelder. Сайтындағы видеомен қорытындылаймын. | | | | Слайд |
| **Кері байланыс** | **«Жіп пен қысқыштар» әдісі** арқылы оқушылардың білімді ұғу деңгейін тексеру:<br>- ***Бүгінгі сабақтан не үйрендің? Қандай тапсырмаларды қуана орындадың? Неге көңілің толмай қалды?Осы сұрақтарға жауапты мақал – мәтелдерді қолдана отырып берулеріңді сұраймын.*** | қорытынды жасайды, бағалайды | қолдану, таңдау | Әрқайсысың жарқыраған жұлдызсыңдар! | Суреттер<br><br>АКТ |
| **Бағалау** | ***«Көңілді сайқымазақ сыйы» айдары*** арқылы сабаққа белсене қатысқан барлық оқушыларды атап, бағалаймын. | болжайды, қызығады | бағалау | Алғыс білдіремін! | Шарлар |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Саралау – оқушыларға қалай көбірек қабылдау көрсетуді жоспарлау. Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлау.</td>
<td>Бағалау- оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлау.</td>
<td>Денсаулық және қауіпсіздік<br>техникасының сақталуы</td>
</tr>
<tr>
<td>Рефлексия<br><br>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br><br>Бүгін оқушылар не білді?<br><br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br><br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br><br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?<br><br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</td>
<td colspan="3">Бүгінгі сабағымда халық ауыз әдебиетіндегі мақал – мәтелдердің сан алуан түрлерімен танысу, сөйлемге синтаксистік талдау жасап үйрену деп алған мақсатыма жеттім. Балалар мақал – мәтелдерді әртүрлі тақырыптары бойынша жинақтап, мағынасын аша отырып, сол сөйлемдерге синтаксистік талдау жасай білді.<br>  <br>Бүгінгі сабақта қойылған критериилерді орындай алды.<br>Дескриптор:<br>- Мақал – мәтелдерді білді.<br>- Мақалды ажыратты.<br>- Мәтелді ажыратты.<br>- Мақал – мәтелдердің түрлерін атады.<br>- Мақал – мәтелдерге синтаксистік талдау жасады.<br>Сабақ жаңартылған білім мазмұнымен кіріктіріле жоспарланғандықтан, саралап оқыту, белсенді оқыту тәсілдері тиімді пайдаланылды. Оқушыларды бағалаудың қалыптастырушы бағалау түрі де, критериалды бағалау түрі де қолданылды. Кері байланыста сабақтан алған әсерлері мен түйгендерін мақалдармен жеткізуі, сабақтың ең ұтымды тұсы болды.</td>
</tr>
</table>

  

Сыныптағы ахуалы көтеріңкі болды. Себебі, сергіту сәтінде билеп, демалуы, интербелсенді тақтада https://itest.kz/kz/ent/kazak-adebieti.

***https://imektep.kz/kz/makal-matelder.***

***https://twig-bilim.kz/kz/film/the-moon.***

https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/5-synyp/lesson/adamgershilik-erlik-oner-bilim-taqyrybyndahy-maqal-matelder.

құлшына жұмыс жасаулары, кері байланыс барысында сайқымазақтың келуі  балалардың білімдерін бекітуге, ойын жинақтап түйіндеуге қолданылған тиімді әдіс – тәсілдер болса, қалыптастырушы бағалау ретінде көңілді шарлармен марапаттау сабақтың сәтті қорытындысы болды.

Мен берілген 40 минут ішінде сабақта жоспарланған жұмыстарды орындап, уақытқа үлгердім. Жоспарға түзетулер енгізген жоқпын. Себебі, сабақ алдын ала жоспарланған сабақ түгел орындалды.

**Рефлексия жазған бастауыш сынып мұғалімі:      П.Таубай**